Ж.Т. Аққошқарова

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.2.258.264

Жанна Төлепбергенқызы Аққошқарова[1]
[1]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан; jan-adil@mail.ru

Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы және В.Ф. Зайберттің ғылыми жетістіктері*

Мақалада Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (СҚАЭ) жұмыс істеген 55 жыл ішінде (1967–2022 жж.) тас ғасыры ескерткіштерін зерттеудің нәтижелері мен қалыптасуының негізгі аспектілері қарастырылады. Экспедиция осы аумақтағы тас дәуірінен ортағасырларға дейінгі ескерткіштерді ашып, зерттеп, ғылыми айналымға енгізді. 1966 ж. А.М. Горький ат. Орал мемлекеттік университетін тәмәмдаған Геннадий Борисович және Светлана Яковлевна Здановичтер Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейіне келіп, археологтардың мықты мектебін қалыптастырды. Олардың шәкірті Қазақстан археологиясына өмірін арнаған В.Ф. Зайберт солтүстік өңірдің көне тарихын жаңғыртуға үлкен үлес қосты. Ғалымның бастауымен жүргізілген жан-жақты кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан тарихында Атбасар және Ботай мәдениеті ашылды.

Түйін сөздер: СҚАЭ, археология, В.Ф. Зайберт, Атбасар мәдениеті, неолит, Ботай мәдениеті, энеолит

Жанна Толепбергеновна Аккошкарова[1]
[1]Институт археологии А.Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан

Северо-Казахстанская археологическая экспедиция и научные достижения В.Ф. Зайберта

В статье рассматриваются основные аспекты формирования и результаты исследований памятников каменного века, проведенных за 55 лет (1967–2022 гг.) существования Северо-Казахстанской археологической экспедиции (СКАЭ). В целом, на территории региона экспедицией были открыты, исследованы и введены в научный оборот памятники, охватывающие период от каменного века до Средневековья. Геннадий Борисович и Светлана Яковлевна Здановичи, окончившие в 1966 г. УрГУ им. А.М. Горького, прибыли в г. Петропавловск в Северо-Казахстанский областной историко-краеведческий музей, основав сильную школу археологов. Их

© 2023 г. Аққошқарова Ж.Т.
** Зерттеу жұмысын ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырды БНҚ № BR18574223*

ученик В.Ф. Зайберт, посвятивший свою жизнь археологии Казахстана, внес большой вклад в изучение древней истории северного региона. В результате широкомасштабных комплексных исследовательских работ под его началом в истории Казахстана были открыты атбасарская и ботайская культуры.

Ключевые слова: СКАЭ, археология, В.Ф. Зайберт, Атбасарская культура, неолит, Ботайская культура, энеолит

Zhanna Akkoshkarova[1]
[1]Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Kazakhstan

North Kazakhstan Archaeological expedition and scientific achievements of V. Zaibert

The article discusses the main aspects of the formation and the results of research on Stone Age sites conducted over the 55-year period (1967–2022) of the existence of the North Kazakhstan Archaeological Expedition (NKAE). In general, the expedition discovered, investigated and introduced into scientific circulation monuments covering the period from the Stone Age to the Middle Ages. Gennady and Svetlana Zdanovich, who graduated from the Gorky State University in 1966, arrived in Petropavlovsk at the North Kazakhstan Regional Museum of Local History, founding a strong school of archaeologists. Their student V. Zaibert, who devoted his life to the archaeology of Kazakhstan, made a great contribution to the study of the ancient history of the northern region. Through extensive and multifaceted research efforts under his guidance, the Atbasar and Botai cultures emerged in the historical narrative of Kazakhstan.

Keywords: NKAE, archeology, V. Zaibert, Atbasar culture, Eneolithic, Botai culture, Eneolithic

Солтүстік Қазақстан территориясының кешенді зерттелуі 1967 жылы Г.Б. Здановичтің басшылығымен Петропавл педагогикалық институты және Солтүстік Қазақстан тарихи-өлкетану музейі бірлесіп құрған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (ары қарай СҚАЭ) қарқынды жұмысымен қолға алынды [Зайберт 1997: 121]. Бұл уақытқа дейінгі Солтүстік Қазақстан аумағындағы археологиялық нысандардың зерттелуін бірнеше кезеңге бөлуге болады: патшалық кезең, яғни төңкеріске дейін, төңкерістен кейін және тың игеру кезеңі. Төңкеріске дейінгі кезеңде жүргізілген археологиялық жұмыстар кезінде тек археологиялық материалды жинау, ескерткіштерді сипаттап, тіркеу жұмыстары ғана іске асырылды. 1924 жылы Петропавл қаласында 1918 жылғы Халық Комиссарлар кеңесінің барлық монументалды және материалдық көнелік және өнер ескерткіштерін тіркеу жайлы декреті негізінде өлкетану музейі ашылады [Свод памят. СКО 2007: 18]. Солтүстік Қазақстанның тас дәуірі жайлы алғашқы деректер 30-шы жылдары жергілікті өлкетанушылар мен әуесқой археологтардың жұмыстарынан алынды. В.Д. Солочинский Дамса өзенінің бойында екі мыңнан астам тас құралдар мен қыш фрагменттері жиналған бірқатар тұрақ ашты [Акишев 1959: 5]. Материалдары жарияланған жоқ, дегенмен Целиноград облыстық өлкетану музейіне тапсырылған еді. К.А. Ақышев бұл тұрақтарды энеолит уақытымен мерзімдеді [Акишев 1959: 5]. 1954–1956 жж. ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған Солтүстік Қазақстан және Ақмола археологиялық экпедицияларына К.А. Ақышев жетекшілік етті. Бұл экспедицияларға әр түрлі жылдары Ә.М. Оразбаев, Х.А. Алпысбаев, Ф.Х. Арсланова, М.П. Грязнов қатысты [Акишев 1959: 3]. Сол жылдары жүргізілген жұмыс нәтижесі 1960 ж. жарыққа шыққан «Археологическая карта Казахстана» академиялық басылымында жарияланды [Акишев 1960: 21].

СҚАЭ-сы құрылғанынан бастап «Археологические открытия» жылдық басылымында, «Советская археология» журналында және т.б. басылымдарда зерттеу нәтижелері жарияланып отырды. Экспедицияның бірінші жылдары Есіл өзенінің сол жағалауы, қазіргі М. Жұмабаев және Жамбыл аудандарының көлдері бойымен 400 км астам аймақта барлау жүргізіліп, мезолитік екі, неолиттік бес тұрақ табылды. Стационарлық зерттеулер жүргізу үшін су басу қаупі бар немесе қарқынды құрылыс аудандарында орналасқан нысандар алынды. Есілдің оң жағаулауында екінші жайылма үсті терасасында орналасқан мезолиттік Явленка II тұрағы зерттелді. Орталық бөлігі қар суымен бұзылған жер үсті тұрғынжайдың қалдықтары, 1,5 мың кремний тас құралдары табылды. Барлық тас құралдар ұсақ тіліктерде жасалған, олардың ішінде ұштық қырғыштар, трапециялар, ойықты тіліктер көп [Зданович, Зданович 1968: 320]. 1968 ж. СҚАЭ-ның барлау тобы Есіл өзенінің бойын сол кездегі Көкшетау облысы

шекарасынан бастап Түмен облысының Ильинка ауылына дейін зерттеді. Барлау кезінде табылған 27 жаңа қоныстың алтауы неолит кезеңіне жатқызылды [Зданович, Зданович 1969: 404]. Жалпы, экспедицияның алғашқы жылдардағы мақсаты қола дәуірінің ерте кезеңіне қатысты нақты материалдарды жинақтау болды. 1975 ж. СҚАЭ зерттеу жұмысының нәтижесінде жиналған материалдар негізінде Г.Б. Зданович «Периодизация и хронология памятников эпохи бронзы Петропавловского Приишимья» [Зданович 1975], ал 1979 ж. СҚАЭ-нің материалдары бойынша С.Я. Зданович «Саргаринская культура – заключительный этап бронзового века Северного Казахстана» [Зданович 1979] тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғады .

В.Ф. Зайберт СҚАЭ 1967 ж. құрылғаннан бастап (ол кезде Петропавл пединституты тарих факультетінің екінші курс студенті) экспедицияға қатысты, ал 1972 ж. оқытушысы Г.Б. Здановичтің орнына жетекші болып тағайындалады. 70-ші жылдардан бастап В.Ф. Зайберттің зерттеу жұмысының ғылыми бағыты – Солтүстік Қазақстан территориясындағы тас дәуірі ескерткіштері болды. Өйткені Солтүстік Қазақстан территориясында 70-ші жылдарға дейін жан-жақты зерттеліп, кезеңделген тас дәуірі ескерткіштері болған жоқ еді [Черказьянова 2012: 77]. 1975 ж. бастап В.Ф. Зайберттің жетекшілігімен Солтүстік Қазақстан, сол кездегі Кокшетау және Ақмола облыстарындағы тас дәуірі тұрақтарында белсенді стационарлы жұмыстар жүргізіле бастады. Зерттеу нәтижелері бойынша Тобыл-Ертіс қосөзенінің мезолиттік кешендері бөлініп, неолиттік ескерткіштердің кезеңделуі мен мерзімделуі ұсынылды. Археологиялық картаға 200-ден астам нысан енгізілді. [Зайберт 1997: 121]. СҚАЭ-нің 1967–1978 жж. аралығында жүргізілген зерттеулері нәтижесінде 1979 ж. В.Ф. Зайберт Солтүстік Қазақстанның неолиті бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады [Зайберт 1979]. Диссертация жұмысында Есіл маңы аумағының тас дәуірінің неолиттік тұрақтарының кезеңделуі және мәдени тиістілігі мәселелерін қарастырды. Осы жұмысын негізге ала отырып В.Ф. Зайберт 1992 жылы «Атбасарская культура» монографиясын баспадан шығарды [Зайберт 1992]. Атбасар мәдениеті қазіргі Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының территориясындағы Петропавлдық Есіл алқабы, Шағалалы өзенінің төменгі ағысы және Атбасарлық Есіл алқабы шағын аудандарында шоғырланған Явленка, Виноградовка, Тельман ескерткіштерінің кешенінен тұрады. Негізгі ескерткіштері – Явленка IV, V, VI, VII, Виноградовка II, XII, XIII, Телман VIIIб, IXб, XIV тұрақтары, Виноградовка X, Телман X қоныстары, Тельман I шеберханасы [Зайберт 1992: 25–27, 47–49]. Алынған материалдар неолиттік тұрақтардың территориялық таралуының бірқатар заңдылықтарын айқындап, тас индустриясының типологиялық айырмашылықтарына қарай атбасар мәдениетінің жергілікті нұсқалары бөлініп шығарылды – «тельман» нұсқасы Ақмола облысындағы таза далалық кешендер және «явленка» нұсқасы солтүстікке қарай орналасқан орманды-далалық неолиттік тұрақтар. Әр нұсқа аясында неолиттік тұрақтар техникалық-типологиялық және стратиграфиясы негізінде алдынала үш хронологиялық кезеңдерге бөлінеді: ерте, дамыған және кейінгі неолит. Атбасар мәдениетінің ескерткіштерінде сол кезде әлі қыш ыдыстар болмағандықтан кезеңдерге бөлу кремнийлік жинаққа негізделді. Солтүстік Қазақстанның неолит дәуірі б.д.д. VII мыңж. соңы – III мыңж. басымен мерзімделді [Заитов 2007: 9-10].

1980 ж. Петропавл пединститутының Солтүстік Қазақстан экспедициясы Көкшетау облысы, Володаровка ауданының (қазіргі СҚО, Айыртау ауд.) Ботай жол айрығынан оңтүстікке қарай 5 км жерде Иманбұрлық өз. оң жағалауында орналасқан Ботай қонысында сақтау қазба жұмыстарын жүргізеді. Қоныстың жалпы ауданы 120 мың м. кв., бірінші жылы ескерткіштің бұзыла бастаған мүйіс бөлігінде 836 м.кв. қазба салынып, 12 тұрғынжай, ошақтар, шаруашылық шұңқырлар, бөрене шұңқырлары, 60 мың тас, сүйек, қыш заттар табылды. Ескерткіш бір қабатты, ұзақ мерзімді, энеолит дәуірімен мерзімделді [Зайберт 1981: 435]. Ботай қонысының ашылуы В.Ф. Зайберттің және СҚАЭ-ның зерттеу жұмыстарының жаңа кезеңіне айналды. Бұл уақытқа дейін Солтүстік Қазақстан, жалпы Қазақстан территориясында энеолит дәуіріне қатысты мұндай үлкен, кешенді қоныстар болған жоқ. Ботай қонысынан кейін соған ұқсас Рощинское, Баландино, Сергеевка, Қызыл Жар, Васильковка IV қоныстары ашылып, ауқымды стационарлы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қоныстарда СҚАЭ кешенді зерттеу жұмыстарын ұйымдастырды. Энеолиттік ескерткіштерді зерттеуге география, геология, геоморфология, антропология, палеонтология, топырақтану, трасология салалары бойынша мамандар тартылды. Ботай, Рощинское, Баландино қоныстары үшін бірқатар радиокөміртекті мерзімдер алынып, б.д.д. III мыңж. екінші жартысымен мерзімделді [Заитов 2007: 11].

1984–1985 жж. СҚАЭ ұжымы Ботай қонысының материалдарын зерттеуде үлкен жетістіктерге жетті. 1984 ж. В.Ф. Зайберттің Г.В. Рыкушинамен бірге «Пред-

варительные сообщения о скелетных остатках людей с энеолитического поселения Ботай» және О.И. Мартынюкпен бірге «Керамические комплексы энеолитического поселения Ботай» мақалалары шықты. 1985 ж. «Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья» жинағында СҚАЭ қызметкерлерінің бірқатар мақалалары жарияланды: О.И. Мартынюк «Керамика поселения Ботай», И.Л. Чернай «Текстильное дело и керамика по материалам из памятников энеолита-бронзы Южного Зауралья и Северного Казахстана», В.И. Заитов «Характеристика каменных орудий поселения Ботай», Т.А. Даниленко «Костяной инвентарь поселения Ботай», В.Ф. Зайберт, А.А. Плешаков «Рубящие орудия поселения Ботай». 1985 ж. «Поселение Ботай и задачи исследования энеолита Северного Казахстана» мақаласында В.Ф. Зайберт ботай мәдениетіне жалпы сипаттама жасайды [Захаров 2009: 16]. 1992 ж. В.Ф. Зайберт «Энеолит Урало-Иртышского междуречья» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, ботай мәдениетінің зерттеу нәтижелерін қорытындылайды. Және сол жылы «Атбасарская культура», ал 1993 ж. «Энеолит Урало-Иртышского междуречья» монографиялары басылып шығарылады.

1990-шы жылдары Ботай мәдениетінің қоныстарында қазба жұмыстары бәсеңдеді. Қазақстанның энеолит кезеңін зерттеуден В.И. Заитов, О.И. Мартынюк, Е.Е. Тетюхин, В.В. Худяков сияқты ғалымдар толық бас тартып, Т.А. Даниленко, С.С. Калиева, А.М. Кисленко, В.Н. Логвин, Н.С. Татаринцева қызмет бабымен шетелге кетті [Захаров 2011: 198]. Дегенмен де Тәуелсіздік алғаннан кейін Ботай мәдениетінің жетістіктерін халықаралық дәрежеде көрсетуге мүмкіндік туады. 1994 ж. Британдық Корольдік қоғамның шақыруы бойынша Кембриджде В.Ф. Зайберт ұйымдастырған Ботай қонысының материалдары негізінде «Дала өркениетінің қайнар көзі» көрмесі екі ай бойы тұрды. Сонымен қатар В.Ф. Зайберт Белфаст, Кембридж, Оксфорд, Ньюкасл, Эдинбург университеттерінде дәріс оқыды. Питтсбург университетінің ғалымдары Ботай қонысын жылқыны қолға үйреткен ең көне ескерткіш ретінде мойындады [Черказьянова 2012: 80]. 1995 ж. маусым айында Ботай қонысының көп жылдық археологиялық зерттеу нәтижелері бойынша Петропавл қ. және Ботай қонысында Қазақстан, Ресей, АҚШ және Ұлыбритания ғалымдарының ұйымдастырумен «Далалық Еуразияның ерте жылқы өсірушілері» халықаралық археологиялық симпозиум өткізілді. Симпозиум жұмысына АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Германия, Чехия, Иран, Финляндия, Жапония, Қытай және де қазақстандық, ресейлік, украиндық мамандар қатысты. Симпозиумдағы баяндамалар жылқыны қолға үйрету, атқа салт мініп жүру, арба мен екі доңғалақты арбаның пайда болуы, ежелгі халықтардың араласуына жылқының себеп болуы тақырыптарына арналды [Зайберт 1997: 123]. 1996 ж. Ботай материалдары мен ерте темір дәуірі обаларын Қазақстан-Герман біріккен зерттеулері басталды. Ботай, Қызыл Жар, Васильковка IV қоныстарында геомагниттік әдіспен қашықтық зерттеулер, сүт өнімдерінің майлы іздерін анықтау мақсатында қыш ыдыстардағы күйікті талдау жұмыстары жүргізілді [Захаров 2009: 16].

2000 ж. Ботай қонысы «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғат паркі құрамына енгізіліп, В.Ф. Зайберт жетекшілігіндегі Көкшетау археологиялық экспедициясы кешенді қорғау-сақтау жұмыстарын жүргізе бастайды [Зайберт 2009: 69]. 2001 ж. Көкшетау археологиялық экспедициясы қоныстың айналасына қорғау зонасы бойынша 3600 м болатын қоршау шекарасын белгілеп, қоршауды бастады. 2002 ж. аяқтап, қоршау бойымен ені 5 м болатын ағаш отырғызылды. 2004–2006 жж. «ҚР тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ботай қонысында зерттеу жұмыстары жүргізілді [Зайберт 2011: 53]. 2007–2010 жж. аралығында В.Ф. Зайберт британдық археолог, палеозоолог және палеоантрополог ғалымдарымен бірге белсенді қызмет істеді. Қазақстан жағынан М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Көкшетау университеті мен Ұлыбритания жағынан Экзетер, Бристоль, Кембридж университеттері арасында ғылыми қызметтестік туралы келісімшарт негізінде «Ботай адамының тұрмыс дәстүрі» бағдарламасы жасалды. Ботай қонысында мәдени қабатының палеогеографиялық және палеомагниттік зерттеулері жүргізіліп, нәтижесі ретінде 2009 ж. әлемдік деңгейдегі «SCIENCE» ғылыми журналында шыққан мақалада жылқы ең бірінші Солтүстік Қазақстанда қолға үйретіліп, көне жылқышылар б.з.д. IV мыңжылдықта қымыз дайындағандығы аталады [Зайберт және басқалар 2009]. 2011 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Ботай. Дала өркениетінің бастауы» кітап-альбомы басылып шығарылды [Зайберт 2011: 55].

2013 ж. «Ежелгі және ортағасырлық Қазақ даласындағы мәдени-тарихи үрдістер: дәстүрлер мен инновациялар» бағдарламасы аясында Ботай қонысының солтүстік бөлігіндегі №13 тұрғынжайы зерттеліп, шартты түрде қымызхана деп аталды. Өйткені геомагниттік зерттеулер бойынша

тұрғынжайдың қасында жылқыларға арналған қоршауды көрсетті. Сонымен қатар Ботай қонысында егіншілік мәдениетін анықтауға бірқатар ғылыми зерттеулер бағытталды. 2013 ж. маусым айында өткізілген палинологиялық талдау жабайы тары мен зығыр дәндері бар екендігін көрсетті [Абильмаликов, Курманиязов 2022: 144]. Егін шаруашылығының болуы мүмкіндігі жайлы жер қазатын сүйек және тас құралдары, абразивті тақтатастар, тұрғынжайда жабық ошақтардың табылуы да жанама дәлелдейді [Зайберт және басқалар 2020: 509].

2018 ж. ҚР Үкіметінің №150 қаулысы бойынша «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы құрылды. Және сол жылы Ақмола облысының территориясындағы «Бурабай» ұлттық паркінде «Ботай-Бурабай» мәдени-тарихи музейінің салтанатты ашылуы өтті [Зайберт және басқалар 2020: 510].

Ботай мәдениеті ескерткіштерінің 1980 ж. бастап 40 жылдан астам жүргізіліп келе жатқан зерттеулері бойынша «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкерлері 2021–2023 жж. «Ботай қонысының археологиялық ғылыми-тәжірибелік зерттеулері мен Ботай мәдениеті иеленушілерінің тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін, тұрмыс салтын және дүниетаным-сакралдық контекстілерін модельдеу» ғылыми-зерттеу жобасының аясында СҚАЭ, КАЭ және Ботай халықаралық археологиялық экспедициясы есептеріндегі ғылыми нәтижелерді топтау, жылдар бойынша Ботай қонысындағы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нақты орындарын анықтау, археологиялық материалдарды талдау бойынша жұмыс атқарып жатыр [Абильмаликов, Курманиязов 2022: 139].

Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының негізгі кешенді жұмысы В.Ф. Зайберт басшылығы кезінде голоцендік ескерткіштерге, Ботай мәдениетінің жан-жақты зерттеліп тарихи-мәдени, шаруашылық-экономикалық, тұрмыс-салттық моделін құруға бағытталса, 2000 ж. бастап А.А. Плешаковтың басшылығымен қола дәуірі, ерте темір дәуірі, орта ғасыр ескерткіштеріне назар аударылады. 1951 ж. Бағанаты өзенінің ауданында зерттеу жүргізген өлкетану музейінің қызметкерлері қола дәуіріне қатысты артефактілер тауып алады. Ал 2001–2003 жж. А.А. Плешаковтың басшылығымен бұл жерде жұмыстар жандандырылып, нәтижесі 2005 ж. «Могильник эпохи бронзы Баганаты-3» ұжымдық монографиясында орын алады [Плешаков 2009: 73]. 1968 ж. барлау кезінде СҚО, Қызылжар ауд., Долматово ауылы жағында ашылған Ақ-Ирий сақ қалашығының толыққанды қазба жұмыстары тек 2004 ж. басталады. Қазба жұмыстарына Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейінің ғылыми қызметкерлері, М. Қозыбаев атынд. СҚМУ-нің студенттері, мектеп оқушылары қатысып, қазіргі таңда ашық аспан астындағы музей кешенін құру жоспарлануда. Қалашық территориясында эксперименталды-трасологиялық тәжірибелер, ежелгі тұрғынжай тұрғызу, қыш ыдыс жасау, қолмен киім тігу сияқты жұмыстар атқарылуда [Жумалиева 2018].

СҚАЭ-ның жүргізген зерттеулерінің нәтижелері 2006 ж. «Северо-Казахстанская область. Энциклопедия», 2007 ж. «Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Северо-Казахстанская область», 2009 ж. «Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область» энциклопедиялық жинақтарға енгізілді. Сонымен қатар СҚАЭ-ның нәтижесінде жинақталған бай археологиялық, тарихи-мәдени қор артефактілері ҚР музейлерінде ғана тұрмай, АҚШ, Англия, Германияда музей экспозицияларында көрсетілді [Плешаков 2009: 76].

Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 55 жыл ішінде еліміздің солтүстік өңірінің тарихындағы ақтаңдақ беттерін толтырып, мезолит, неолит, энеолит, қола, ерте темір дәуірлерінің ескерткіштерін зерттеп, саралап, хронологиялық шектерін анықтап, кезеңдеп, ежелгі тұрғындардың мәдени-шаруашылық тұрмысын жаңғыртты. СҚАЭ-сы В.Ф. Зайберт, М.К. Хабдулина, А.А. Плешаков, В.И. Заитов сияқты т.б. мықты археологтарды жетілдіріп, өзіндік археологиялық мектебін қалыптастырды. СҚАЭ материалдары бойынша екі докторлық диссертация және ондаған кандидаттық жұмыстар қорғалды. Петропавл, Көкшетау облыстық өлкетану музейлерінің қорын қалыптастырды. Ботай қонысы, Ақ-Ирий қалашығындағы жүргізіліп жатқан эксперименталды реконструкциялық зерттеулер жастарға көне тарихқа қол ұшын тигізіп, жеріне деген қызығушылығын оятуға септігін тигізуде. Жалпы, қазіргі таңда, 55 жыл ішінде жинақталған қомақты археологиялық материалдарды саралап, талдау кезеңі алда тұр.

ӘДЕБИЕТ

Абильмаликов К.К., Курманиязов И.С. Теоретико-методологические аспекты изучения памятников Ботайской культуры (1980–2014 гг.) // Вестник КазНУ. Сер. историч. 2022. Т. 107. № 4. С. 138–149.

Жумалиева З. Загадки сакской цивилизации // Неделя СК. URL:https://izdatelstvo-sk.kz/news/arheologi-skgu-namereny-vzyat-licenziyuna-prodolzhenie-raskopok-drevnego-gorodisha-akirij/ (қаралған күні: 03.03.2023).

Заитов В.И. Каменная индустрия заключительных этапов каменного века Северного Казахстана. Петропавловск: ООО «РИФЕЙ», 2007. 256 с.

Зайберт В.Ф. Неолит Северного Казахстана: автореф. дис. ... канд. ист. наук. М., 1979. 16 с.

Зайберт В.Ф. Исследования в Северном Казахстане. // Археологические открытия 1980 г. / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1981. С. 435–436.

Зайберт В.Ф. Северо-Казахстанской экспедиции – 30 лет // Вестник Северо-Казахстанского университета. 1997. № 1. С. 121–126.

Зайберт В.Ф. Ботайская культура. Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 576 с.

Зайберт В.Ф. Основные итоги изучения ботайской культуры и ее роль в древней истории Казахстана // Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991–2011 / Бас ред. Б.Ә. Байтанаев, жауапты ред. А.З. Бейсенов. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2011. 43–56-бб.

Зайберт В.Ф., Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. Историко-культурное значение Ботайской культуры (к 40-летию открытия) // Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сер. 2020. № 2 (65). 505–513-бб.

Захаров С.В. Изучение энеолита Северного Казахстана и Южного Зауралья: автореф. дис. ... канд. наук. Алматы, 2009. 30 с.

ЗахаровС.В. Итоги изучения энеолита Северного Казахстана // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған «Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі»: атты халықар. ғыл. конф. м-ры (Алматы қ., 12–15 желтоқсан 2011 ж.). 3-томдық. 1-т. / Бас ред. Б.Ә. Байтанаев, жауапты ред. А.З. Бейсенов. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2011. 195-201-бб.

Зданович Г.Б. Периодизация и хронология памятников эпохи бронзы Петропавловского Приишимья: автореф. дис. ... канд. ист. наук. М., 1975. 26 с.

Зданович Г.Б., Зданович С.Я. Археологические работы в Северном Казахстане // Археологические открытия 1967 года / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1968. С. 320-321.

Зданович Г.Б., Зданович С.Я. Работы в Северном Казахстане. // Археологические открытия 1968 года / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1969. С. 404.

Зданович С.Я. Саргаринская культура — заключительный этап бронзового века в Северном Казахстане: автореф. дис. ... канд. ист. наук. М., 1979. 19 с.

Outram A., Stear N.A., Bendrey R., Olsen S., Kasparov A., Zaibert V., Thorpe N., Evershed R.P. The Earliest Horse Harnessing and Milking // Science. 2009. Vol. 323 (1332).

Плешаков А.А. Формирование археологических фондов Северо-Казахстанского областного историко-краеведческого музея // Лавровский сборник: м-лы XXXIII Среднеазиатско-Кавказских чтений 2008-2009 гг.: Этнология, история, археология, культурология / Отв. ред. Ю.Ю. Карпов, И.В. Стасевич. СПб.: МАЭ РАН, 2009. С. 71–77.

Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Северо-Казахстанская область. Алматы: Аруна, 2007. 496 с.

Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область. Алматы. Аруна, 2009. 568 с.

Черказьянова И. Профессор-археолог с мировым именем // Информационно-методический журнал «BIZ-Bote». 2012. № 1-2. С. 76–80.

REFERENCES

Abilmalikov, K. K., Kurmaniyazov, I. S. 2022. In: Baigunakov, D. S. (ed.). *Vestnik KazNU im. Al-Farabi. Ser. istorich. (Bulletin of history)*, 4 (107), 138–149 (in Russian).

Zhumalieva, Z. 2023. In: *Nedelya SK.* URL: https://izdatelstvo-sk.kz/news/arheologi-skgu-namereny-vzyat-licenziyuna-prodolzhenie-raskopok-drevnego-gorodisha-akirij (accessed 03.03.2023).

Zaitov, V. I. 2007. *Kamennaya industriya zaklyuchitelnykh etapov kamennogo veka Severnogo Kazakhstana (Stone industry of the final stages of the Stone Age of Northern Kazakhstan).* Petropavlovsk: "RIFEY" LLC (in Russian).
Zaibert, V. F. 1979. *Neolit Severnogo Kazakhstana (Neolithic of Northern Kazakhstan)*: abstract of Thesis Cand. of Hist. sciences. Moscow (in Russian).
Zaibert, V. F. 1981. In: Rybakov, B. A. (ed.). *Arkheologicheskie otkrytiya – 1980 (Archaeological Discoveries – 1980)*. Moscow: "Nauka" Publ., 435–436 (in Russian).
Zaibert, V. F. 1997. In: *Vestnik Severo-Kazakhstanskogo universiteta Vestnik of M. Kozybayev North Kazakhstan University)*, 1, 121–126 (in Russian).
Zaibert, V. F. 2009. *Botaiskaya kultura (Botai culture).* Almaty: "KazAqparat" Publ. (in Russian).
Zaibert, V. F. 2011. In: Baitanayev, B. A., Beisenov, A. Z. (eds.). *Myngzhyldyktyar kualary: Kazakstan arkheologiya gylymy 20 zhylga (1991–2011) (Witnesses of Millennia: Archaeological science of Kazakhstan for 20 years)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 43–56 (in Russian).
Zaibert, V. F., Baigunakov, D. S., Sabdenova, G. E. 2020. In: Kenzhebayev, G. K. (ed.). *Abai atyndagy KazUPU-nin Khabarshysy, "Tarikh zhane sayasi-aleyumettik gylymdar" seriyasy (Bulletin Abai KazNPU, the series of "Historical and socio-political sciences")*, 2 (65), 505–513 (in Russian).
Zakharov, S. V. 2009. *Izuchenie eneolita Severnogo Kazakhstana i Yuzhnogo Zauralya (Study of the Eneolithic of Northern Kazakhstan and Southern Trans-Urals)*: abstract of thesis of Candidate of Historical Sciences. Almaty (in Russian).
Zakharov, S. V. 2011. In: Baitanayev, B. A., Beisenov, B. A. (eds.). *Tauelsizdik kezenindegi Kazakstan arheologiyasy: korytyndylary men keleshegi (Archaeology of Kazakhstan during the period of independence: results and prospects).* In 3 vol. Vol. 1. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 195-201 (in Russian).
Zdanovich, G. B. 1975. *Periodizatsiya i khronologiya pamyatnikov epokhi bronzy Petropavlovskogo Priishimya (Periodization and chronology of the Bronze Age monuments of Petropavlovsk Priishimye):* abstract of thesis of Candidate of Historical Sciences. Moscow (in Russian).
Zdanovich, G. B., Zdanovich, S. Y. 1968. In: Rybakov, B. A. (ed.). *Arkheologicheskie otkrytiya – 1967 (Archaeological Discoveries – 1967)*. Moscow: "Nauka" Publ., 320–321 (in Russian).
Zdanovich, G. B., Zdanovich, S. Y. 1969. Rybakov, B. A. (ed.). *Arkheologicheskie otkrytiya – 1968 (Archaeological Discoveries – 1968)*. Moscow: "Nauka" Publ., 404 (in Russian).
Zdanovich, S. Y. 1979. *Sargarinskaya kultura — zaklyuchitelnyi etap bronzovogo veka v Severnom Kazakhstane (Sargarynskaya culture — the final stage of the Bronze Age in Northern Kazakhstan):* abstract of thesis of Cand. of Hist. Sciences. Moscow (in Russian).
Outram, A., Stear, N. A., Bendrey, R., Olsen, S., Kasparov, A., Zaibert, V., Thorpe, N., Evershed, R. 2009. P. In: *Science*, 323 (1332) (in English).
Pleshakov, A. A. 2009. In: Karpov, Y. Y., Stasevich, I. V. (eds.). *Lavrovskiy sbornik (Lavrov collection)*. St. Petersburg: Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography RAS, 71–77 (in Russian).
Svod pamyatnikov istorii i kultury Respubliki Kazahstan. Severo-Kazakhstanskaya oblast (The list of monuments of history and culture of the Republic of Kazakhstan. North Kazakhstan region). 2007. Almaty: "Aruna" Publ. (in Russian).
Svod pamyatnikov istorii i kultury Respubliki Kazahstan. Akmolinskaya oblast (The list of monuments of history and culture of the Republic of Kazakhstan. Akmola region). 2009. Almaty: "Aruna" Publ. (in Russian).
Cherkaziyanova, I. 2012. In*: Informatsionno-metodicheskiy zhurnal "BIZ-Bote" (Information and Methodical Journal "BIZ-Bote")*, 1–2, 76–80 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.02.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.03.2023.